

**Инвестициялық мақсат**

**Qazaqstan Equity Active SPC Limited Exchange Traded Notes – бұл арнайы мақсаттағы компания AIX Qazaq Index инвестицияларының нәтижелерін басып озуға тырысатын белсенді басқарылатын инвестициялық құрал ретінде шығарылған биржалық облигациялар.**

Белсенді инвестициялық басқарманы «Halyk Finance» АҚ жүргізеді.

Арнайы мақсаттағы компания – эмитент иелік ете алатын жалғыз актив түрі – бұл AIX Qazaq Index құрамына кіретін акциялар, сондай-ақ Astana International Exchange биржасында листингтен өткен өзге де құнды қағаздар.


Эмитент шығаратын жалғыз міндеттеме – бұл биржалық облигациялар. Сәйкесінше, активтің (эмитентке тиесілі құнды қағаздар) бағасының кез келген өзгерісінен кейін биржалық облигациялардың бағасы да автоматты түрде өзгереді. Инвестициялық менеджер – «Halyk Finance» АҚ.

<b>Бағалы қағаздың түрі</b>	Exchange Traded Note – биржалық облигация
<b>Бағалы қағаздың классы</b>	Борыштық бағалы қағаздар
<b>ISIN</b>	KZX000000724
<b>Листинг</b>	Astana International Exchange (AIX)
<b>Базалық валюта</b>	KZT
<b>Репликация түрі</b>	Физикалық
<b>Купон</b>	Иә, алынған дивидендтер мөлшерінде
<b>Жалпы шығыстардың коэффициенті</b>	0,75%
<b>Юрисдикция</b>	АХҚО
<b>Кастодиан</b>	Сбербанк, Қазақстан
<b>Аудитор</b>	Crowe Audit Astana LLP, Қазақстан

**Негізгі артықшылықтар**

- Басқарма «Halyk Finance» АҚ арқылы жүзеге асырылады;
- Бір биржалық облигацияның барынша төмен құны;
- Базалық валюта – қазақстандық теңге;
- Қазақстан резиденттері - облигация иелері үшін салықтық жеңілдіктер.

<b>Негізгі ақпарат</b>		<b>27 қыркүйек 2021 жыл</b>	
Шығарылым мөлшері, KZT	843,184,015.65	Шығарылған биржалық облигациялардың саны	200,000
Бір биржалық облигацияның таза құны, KZT	4,215.92		

**AIX Qazaq Index**


## Инвестициялық басқарма

**Белсенді инвестициялық басқарманың негізгі мақсаты AIX Qazaq Index көрсеткіштерін басып озуда.**

Бұл инвестициялық мақсат әр түрлі акцияларға немесе Инвестициялық менеджердің пікірінше, өсетін потенциалы бар қазақстандық компаниялардың борыштық бағалы қағаздарына инвестиция салу арқылы орындалады.

Бұндай бағалы қағаздарды және сату/сатып алу уақытын Инвестициялық менеджер тәжірибиесі мен нарық туралы біліміне сүйене отырып таңдайды.



01.07.2021 Индекс құрамы

Компаниялар	Индекстегі үлесі
Халық Банк	15,00%
Каспи	15,00%
Казатомпром	15,00%
Polymetal	15,00%
Central Asian Metal	13,39%
Казтрансойл	12,19%
Казахтелеком	11,89%
Банк ЦентрКредит	2,53%

## Индекс

**AIX Qazaq Index – нарық капитализациясының бекітілген талаптарына және өзге де талаптарға сай қазақстандық компаниялардың акцияларының индексі.**

**Индекс бірінші кезекте қазақстандық капитал нарығының ең өтімді сегментінің көрсеткіштерін өлшеу және Индекспен потенциалды инвестициялық стратегияларды салыстыру мүмкіндігі арқылы инвестициялық процессті жақсарту үшін жасалған.**

AIX Qazaq Index туралы толық ақпарат  
<https://www.aix.kz/trading/index/index-overview/>

## Жауапкершілік шектеу

*Бұл материалдар бағалы қағаздар сатып алу немесе сату ұсынысы ретінде қарастырылмауы тиіс. Бағалы қағаздарға инвестициялау туралы шешім қабылдаған кезде инвесторлар мен бағалы қағаздар нарығының басқа да қатысушылары өздерінің ой-пікірлері мен тәжірибелеріне сенулері тиіс. Осы құжатта берілген материалдар тек ақпараттық сипатта ғана және шынайы ретінде қабылданатын жария дереккөздерден алынған ақпаратқа негізделген. Осы құжатта сипатталған бағалы қағаздар барлық юрисдикцияларда немесе инвесторлардың белгілі бір санаттарына сатуға жатпауы мүмкін. Инвестициялардың құны азаюы да, сол сияқты артуы да мүмкін және инвесторлар бастапқы инвестициялаған сомаларын ақыр соңында жоғалтулары да мүмкін. Бұрындағы инвестициялық құралдардың бағалары мен инвестициялардың табыстылық көрсеткіштері келешектегі инвестициялардың нәтижелерін бағалау үшін бағдар бола алмайды. Шетелдік валюта бағамының өзгерістері де инвестициялар құнының азаюын немесе артуын тудыруы мүмкін. Инвестициялардың құнына немесе инвестициялардан алынатын табысқа әсер ететін басқа факторларға, өзгеден басқа, саяси, экономикалық, кредиттік және нарықтық тәуекелдер кіреді. Инвестициялау туралы шешім қабылдардың алдында инвестициялық консультация берушімен кеңесу қажет. Осы құжатта берілген ақпаратты компанияның жазбаша рұқсатынсыз кез келген мақсат үшін толық немесе жартылай көшіруге, қайта таратуға және жариялауға болмайды. Компания да, оның қандай да бір үлестес тұлғасы да үшінші тараптардың бұған қатысты әрекеттері үшін жауап бермейді. Қосымша ақпарат пен сүйемелдеу құжаттамасы сұраныс бойынша ұсынылады.*